

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданының
білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

«Терроризмге қарсы күрес» ҚР Заңымен таныстыру жиналысының

Хаттамасы № 1

Биназар ауылы

03.09.2024 жыл

Қатысқаны: «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы қызметкерлері

Күн тәртібінде:

1. «Терроризмге қарсы күрес» ҚР Заңымен таныстыру.

Жауапты: әдіскер Р.Р.Мухатаева

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақшасы әдіскері Р.Р.Мухатаева сөз сөйледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен таныстырды.

Кіріспе сөзінде қазіргі уақытта адамзатқа көптеген мәселелерді шешуге тура келуде, солардың бірі қылмыстылықтың бір түрі болып саналатын терроризм болып табылады, деді. Аса көрнекті саясаткерлердің бірі айтқандай, «XXI ғасырда барлық өркениет деңгейіндегі азаматтардың қауіпсіздігіне терроризм негізгі қауіп тудырады».

Қазіргі терроризм халықаралық сипат алып, жекелеген мемлекеттер үшін де немесе келтіру белгілі бір аумақтар бойынша қарқын алып, жазықсыз адамдардың өміріне қауіп арқылы елдің саяси және әлеуметтік тұрақтылығына қауіп төндіріп отыр. Террор ретінде мемлекеттің өз азаматтарының, саяси қарсыластарының ішіндегі басты адамдарын жоя отырып, өз үстемдігін жүзеге асыру ретінде танылады.

Сонымен қатар ата-аналар мен балаларыңызға ескертіңіздер: Көшеде бөтен адамдармен сөйлеспеу. Өзі және отбасы туралы мәлімет бермеу.

Танымайтын адамның көлігіне отырмау. Далада немесе қоғамдық жерде жатқан заттарға (сөмке, қорап тиіспеу).

Қауіпті немесе күдікті нәрсе болса 101 нөміріне хабарлау. «Балдәурен» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Б.Б.Ташмағанбетова өз сөзінде бөбекжай-бақша тәрбиеленушілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің барлық шаралары қарастырылған. Әр қабатқа бейнекамералар орнатылған. «Балдәурен» бөбекжай-бақшасында 55 тәрбиеленуші бар. Олардың әрқайсысы үшін бізге үлкен жауапкершілік жүктелген. Тәрбиеші К.Ақбаева тәрбиеленушілер мен ата-аналарға терроризм туралы түсіндіру жұмысын

жүргізді. Сондықтан ата-аналар да, оқушылар да терроризм қаупі төне қалған жағдайда өзін қалай ұстаудың ережелерімен танысты.

- Мұндай түсіндіру жұмыстары мен іс-шараларды жиірек өткізген жөн. Дер кезінде өткізіліп отырған бұл шаралардың пайдасы көп. Бәріміз жұдырықтай жұмылып, күшімізді бағыттасак, біздің қоғамға терроризмнен төнер қауіп жоқ, - деп түйіндеді.

Шешімі:

1. «Терроризмге қарсы күрес» іс-шаралары үнемі жүргізілсін.
2. Қауіпсіздік ережелері үнемі сақталсын.

Меңгеруші:



Б.Б.Ташмаганбетова

Хатшы:

Ж.Дүкенбаева